

3.2.3. Білім алу процесінде пайда болған проблемаларды шешу кезінде ОҚМУ олардың құқығын қорғайтын әділдік принциптерін, Кодекс ережелері мен өзге де құжаттарды басшылыққа алады.

3.3. Білім алушылар мен оқытушылар арасындағы қарым – қатынастар

3.3.1. ОҚМУ оқытушылары мен қызметкерлері жоғары кәсіпқойлылыққа ұмтылуға, өз теоретикалық білімдері мен педагогтық шеберліктерінің деңгейін арттырулары қажет, әріптестері, білім алушылар мен өзіне деген принципті және әділ болуы қажет.

3.3.2. Оқытушылар жоғары жауапкершілікті, адал ниетті және шыдамды, іс – әрекетке баға берерде немесе шағым айтқанда әдепті болуы, жоғары мәдениет, парасаттылық және төзімділіктің тасымалдаушысы болуы қажет.

3.3.3. Оқытушылар оқу сабақтары мен бақылау іс – шараларын объективті және талапшылдық жағдайында білім алушыға деген шын көңіл мен аса назар аударушылықтың үйлесімінде өткізуі тиіс.

3.3.4. Оқытушы тәртіп бұзған білім алушыны сабақтан шығарып, әрі қарай оны сабақтан қалды деп есептеуге құқылы. Оқытушы топтың жұмыс жасауына жүйелі түрде кедергі келтірген студентті орын алған жағдай туралы жазбаша түрде деканат пен оқу – әдістемелік басқармасын хабардар ету арқылы сабақтан шеттетуге құқылы.

3.3.5. Білім алушылармен қарым – қатынас жасауда оқытушылар мен әкімшілік персонал университет пен азаматтық қызметкерлердің беделін түсіретін іс- әрекеттер жасамауы тиіс:

- Білім алушылардың намысына тиюге, олардың жеке басының намысына тию, тәкаппарлық пен әдепсіздік таныту;
- Ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау өткізу кезінде әділетсіздік көрсетуге, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау деңгейіне субъектілі факторлардың әсер етуге жол беру;
- Білім алушыдан немесе үшінші тұлғадан оқу және ғылыми процесстердің нәтижесіне әсер ету мақсатындағы жасалған сыйлықтарды алу;
- Университет стандартымен бекітілген ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау шарты мен бағалау критерийлерін өзгерту;
- Білім алушылармен өзінің әріптестерінің кәсіби және жеке басының кемшіліктерін талқылау;
- Университет қабырғасында коммерциялық жарнама жасау, саяси және діни үгіттеу жүргізу;

SM